



KAZAKHMYS PLC

6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

29 марта 2011

ГРУППА КАЗАХМЫС СООБЩАЕТ ОБ ИЗМЕНЕНИЯХ В СОСТАВЕ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

Группа Казахмыс сообщает об изменениях в составе Совета Директоров, которые вступят в силу с 13 мая 2011 года после Ежегодного общего собрания акционеров.

Питер Хиксон выходит из состава Совета Директоров, на его пост планируется назначить нового независимого неисполнительного директора. Директор по развитию Дэвид Манро также уходит в отставку с занимаемой должности и из состава Совета Директоров, однако, продолжит исполнять обязанности Исполнительного директора Группы с частичной занятостью. На предстоящем Ежегодном общем собрании акционеров, на рассмотрение Совета директоров в качестве Исполнительно директора будет представлена кандидатура Эдуарда Огая Председателя Правления ТОО «Корпорация Казахмыс».

Владимир Ким, Председатель Совета Директоров Группы Казахмыс, сказал: «Руководители, входящие в состав Совета Директоров Группы Казахмыс, обладают богатым опытом в различных сферах. Наши Независимые директора с полной отдачей посвящают свое время и силы выполнению своих обязанностей. Я бы хотел поблагодарить Дэвида Манро и Питера Хиксона за их вклад в развитие Группы и приверженность нашей компании. Я рад, что у нас есть возможность и в дальнейшем полагаться на ценный опыт Дэвида. Вместе с тем я уверен, что Эдуард внесет ценный вклад в деятельность Совета Директоров, основанный на его глубоких знаниях операционной деятельности Казахмыса и Группы в целом».

Группа Казахмыс

Джон Смэлт

Глава отдела корпоративных
связей

Тел: +44 20 7901 7882

Айрин Бэртон

Финансовый аналитик

Тел: +44 20 7901 7814

Зульфира Мухамедьярова

Старший менеджер по связям
со СМИ

Тел: +77 27 2440 353

Мерлин

Дэвид Саймонсон

Тел: +44 20 7726 8400

Мария Бабкина

Тел: +44 20 7726 8400

ПРИМЕЧАНИЯ ДЛЯ РЕДАКТОРОВ

Группа Казахмыс является ведущей международной компанией по добыче и переработке природных ресурсов и имеет значительные доли участия в области производства меди, золота, цинка, серебра, электроэнергии, а также нефти.

Группа является крупнейшим производителем меди в Казахстане и одним из десяти ведущих производителей меди в мире. Казахмыс владеет 17 действующими рудниками, 10 горно-обогатительными фабриками и 2 медеплавильными производственными комплексами.

Производство меди является полностью интегрированным, начиная с добычи руды и заканчивая производством конечной продукции в форме катодной меди и медной катанки. В 2010 году из собственной руды было произведено 303 тысячи тонн меди в катодном эквиваленте. Производство поддерживается внутренними поставками электроэнергии и значительной железнодорожной инфраструктурой.

Казахмыс производит значительные объемы других металлов, в том числе цинка, серебра и золота. В 2010 году Казахмыс произвел 167 тысяч тонн цинкового концентрата. Казахмыс входит в десятку крупнейших производителей серебра в мире (в 2010 году было произведено 14 млн унций серебра).

Подразделение «Kazakhmys Gold», в состав которого входит приобретенная в 2007 году компания «Eurasia Gold Inc», реализует крупные проекты по разработке и разведке месторождений. Подсчитанные и предполагаемые ресурсы Kazakhmys Gold содержат 2,5 млн унций золота в эквиваленте. В 2010 году Группой произведено 170 тысяч унций золота.

«Kazakhmys Power» владеет 50%-ной долей участия в крупнейшей в Казахстане Экибастузской угольной электростанции (ЭГРЭС-1), с номинальной мощностью в 4000 МВт.

Подразделение «Kazakhmys Petroleum» продолжает свою работу на разведочном блоке Восточный Акжар, который был приобретен в апреле 2007 и расположен в районе восточной границы Прикаспийской низменности.

Группа входит в список компаний FTSE-100. Акции Группы Казахмыс котируются как на Лондонской фондовой бирже, так и на Казахстанской фондовой бирже. В 2010 году объем реализации продукции Группы составил 3,2 млрд долларов при показателе EBITDA Группы в 2,8 млрд долларов. В Группе работает около 62 000 человек, главным образом, казахстанских граждан. Стратегической целью Казахмыса является оптимизация производственных активов, реализация проектов по расширению производства и использование преимуществ наличия полезных ископаемых в Центральной Азии.



KAZAKHMYS PLC

6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2011 жылғы 29 наурыз

ҚАЗАҚМЫС ТОБЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қазақмыс Тобы Жыл сайынғы акционерлердің жалпы Жиналысынан соң 2011 жылдың 13 мамырынан бастап өз күшіне енетін Директорлар Кеңесі құрамында орын алатын өзгерістер жайлы хабарлап отыр.

Питер Хиксон Директорлар Кеңесінің құрамынан шығады, оның лауазымына атқарушы емес тәуелсіз директорды жаңадан тағайындау жоспарланды. Дамыту жөніндегі директор Дэвид Манро қызметінен отставкаға кетеді әрі Директорлар Кеңесінің құрамынан шығады. Алайда, Дэвид Манро Топтағы Атқарушы директор міндеттерін ішінара атқаруын жалғастыра бермек. Алдағы Жыл сайынғы Жалпы жиналыста «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС Басқарма Төрағасы Эдуард Огайдың кандидатурасы Атқарушы директор ретінде тағайындалуын қарауға Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Қазақмыс Тобы Директорлар Кеңесінің Төрағасы Владимир Ким берген түсініктеме: «Қазақмыс Тобы Директорлар кеңесінің құрамына кіретін басшылардың түрлі салалардағы алған тәжірибелері мол. Біздің Тәуелсіз директорлар өз міндеттерін орындауға қаншама күш-жігерлерін салып, уақыттарын жұмсап келеді. Мен, Дэвид Манро мен Питер Хиксонға олардың Топты дамытуға қосқан үлестері мен адал ниеттеріне ризашылығымды білдіргім келеді. Бұдан әрі де біз Дэвидтің бағалы тәжірибесіне иек артуға мүмкіншілігіміздің барына қуаныштымын. Сонымен қатар, Эдуард Қазақмыстың, жалпы алғанда Топтың операциялық қызметі туралы жан-жақты білімдеріне негізделген бағалы білімдерін Директорлар кеңесінің қызметіне әкеледі деген сенімдемін.»

Толық ақпарат алу үшін төмендегі байланыс телефондарына хабарласыңыз:

Қазақмыс PLC

| | | |
|-----------------------|--|-----------------------|
| Джон Смэлт | Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы | Тел: +44 20 7901 7882 |
| Айрин Бэртон | Қаржы талдаушысы | Тел: +44 20 7901 7814 |
| Зүлфира Мұхамедиярова | БАҚ-мен байланыс жасау жөніндегі аға менеджері | Тел: +77 27 2663 317 |

Мерлин

| | |
|-----------------|-----------------------|
| Дэвид Саймонсон | Тел: +44 20 7726 8400 |
| Мария Бабкина | Тел: +44 20 7726 8400 |

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс Тобы табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады және мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын, сонымен қатар мұнай өндіру салаларында қомақты қатысу үлесі бар.

Топ Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі әлемдегі жетекші он мыс өндірушінің бірі болып табылып отыр. Қазақмыс 17 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және 2 мыс балқытушы өндірістік кешенге ие.

Мыс өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толығымен интеграцияланған болып отыр. 2010 жылы меншікті рудадан 303 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен қамтылған.

Қазақмыс басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2010 жылы Қазақмыс 167 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Қазақмыс әлемде ең ірі деген күміс өндірушілердің ондығына кіреді (2010 жылы 14 млн. унция күміс өндірді).

Құрамына 2007 жылының шілдесінде сатылып алынған «Eurasia Gold Inc» компаниясы кіретін «Kazakhmys Gold» бөлімшесі, кен игеру және кен орындарын барлау жөніндегі ірі жобаларды іске асырып келеді. Kazakhmys Gold бөлімшесінің есептелінген әрі болжанып отырған ресурсы 2,5 млн. унция алтын теңгерімін құрайды. 2010 жылы Топ 170 мың унция алтын өндіріп шығарды.

«Kazakhmys Power» теңгерімді қуаттылығы 4000 МВт құрайтын Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз көмір электр станциясының (ЕГРЭС-1) 50 пайыздық қатысу үлесін иеленіп отыр.

«Kazakhmys Petroleum» бөлімшесі 2007 жылдың сәуір айында иелігіне сатып алған Каспий маңы ойпатының шығыс шекарасында орын тепкен Шығыс Ақжар барлау блогында өзінің жұмысын жалғастырып келеді.

Топ айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді. Қазақмыс Тобының акциялары Лондон Қор биржасында, сондай-ақ Қазақстан Қор биржасында саудаланады. 2010 жылы ол EBITDA көрсеткіші 2,8 млрд.АҚШ долларды құрағанда, Топтың өнімдерінің өткізілу көлемі 3,2 млрд.АҚШ доллары болды. Топта шамамен 62 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азияда ауқымды табиғи ресурстардың болуы артықшылықтарын қолдану.